

## "Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексіне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Заңының жобасы туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2023 жылғы 29 маусымдағы № 505 қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

"Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексіне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Заңының жобасы Қазақстан Республикасының Парламенті Мәжілісінің қарууына енгізілсін.

Қазақстан Республикасының  
Премьер-Министрі

Ә. Смайилов

ЖОБА

### ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ЗАҢЫ

#### Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексіне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

1-бап. 2014 жылғы 5 шілдедегі Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексіне мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

1) 32-баптың екінші бөлігінде "әкімшілік қамаққа алу түрінде" деген сөздерден кейін "және қоғамдық жұмыстарға тарту" деген сөздермен толықтырылсын;

2) 33-баптың тақырыбындағы "адвокаттардың," деген сөзінен кейін "заң консультанттарының" деген сөздермен толықтырылсын;

бірінші бөліктегі "адвокаттар," деген сөзден кейін "заң консультанттары" деген сөздермен толықтырылсын;

3) 41-баптың бірінші бөлігі мынадай мазмұндағы 7-1) тармақшамен толықтырылсын:

"7-1) қоғамдық жұмыстарға тарту;";

4) 42-баптың бірінші бөлігінде "қамаққа алу" деген сөздерден кейін ",қоғамдық жұмыстарға тарту" деген сөздермен толықтырылсын;

5) 44-баптың бірінші бөлігі мазмұндағы 12) тармақшамен толықтырылсын:

"12) мемлекеттік функцияларды орындауға уәкілеттік берілген адамдардың, оларға теңестірілген адамдардың, лауазымды адамдардың, жауапты мемлекеттік лауазымды атқаратын адамдардың Қазақстан Республикасының салық заңнамасында айқындалған мүлікті сатып алуға жұмсаған шығыстарының көрсетілген мүлікті сатып алуға жұмсалған шығыстарды жабу көздерінің сомасынан мың еселенген айлық есептік көрсеткішті шегергендері мөлшері.";

6) мынадай мазмұндағы 49-1 және 49-2-баптармен толықтырылсын:

"49-1-бап. Қоғамдық жұмыстар

1. Сот қоғамдық жұмыстарды жеке тұлғаларға қатысты қолданады.

2. Сот қоғамдық жұмыстарды әкімшілік құқық бұзушылық жасаған жеке тұлғаның келісімі болған кезде қоладанады.

3. Қоғамдық жұмыстар әкімшілік жауапкершілікке тартылған адамның түрғылықты жері бойынша жергілікті мемлекеттік органдар ұйымдастыратын тегін қоғамдық пайдалы жұмыстардың белгілі бір біліктілігін талап етпейтін орындаудын тұрады.

4. Қоғамдық жұмыстар сағатпен есептеледі және он сағаттан жұз сағатқа дейінгі мерзімге белгіленеді.

Қоғамдық жұмыстарды орындау күніне бір сағаттан және төрт сағаттан кем болмауы керек.

Қоғамдық жұмыстар жұмыстан және оқудан бос уақытта орындалады.

5. Тұрақты жұмыс орны жоқ және оқу орындарында оқымайтын адамдар қоғамдық жұмыстарды күніне кемінде бір сағат және сегіз сағаттан артық емес, бірақ аптасына қырық сағаттан артық орындалады.

6. Қоғамдық жұмыстарды орындаудың жалпы ұзақтығы төрт айдан аспауға тиіс.

7. Қоғамдық жұмыстарды мыналарға:

жүкті әйелдерге;

ұш жасқа дейінгі жас балалары бар әйелдерге;

ұш жасқа дейінгі жас балаларын жалғыз өзі тәрбиелеп отырған еркектерге;

он сегіз жасқа толмаған тұлғаларға;

бірінші және екінші топтағы мүгедектігі бар тұлғаларға;

елу сегіз жастағы және ол жастан асқан әйелдерг;

алпыс ұш жастағы және ол жастан асқан еркектерге;

шетел азаматтары және Қазақстан Республикасында тұрақты тұрмайтын азаматтығы жоқ тұлғаларға қатысты қолдануға болмайды.

8. Қоғамдық жұмыстарды орындау кезеңінде осы баптың жетінші бөлігінде көзделген бір немесе бірнеше мән-жайлар туындаған жағдайда, сот жергілікті атқарушы органдардың өтінішхаты бойынша мұндай адамды қоғамдық жұмыстарды орындаудан босатады.

49-2-бап. Қоғамдық жұмыстардан жалтару

1. Қоғамдық жұмыстарды орындаудан:

1) қоғамдық жұмыстарды орындаудан бас тартқан;

2) ұйымға дәлелді себептерсіз қоғамдық жұмыстарды орындау мерзімі ішінде екі реттен артық келмеген;

3) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен медициналық қуәландырумен расталған, алкогольдік, есірткілік немесе уытқұмарлық масаң күйде пайда болған қоғамдық жұмыстарды орындау кезеңінде;

- 4) дәлелсіз себептермен Қазақстан Республикасынан тыс жерлерге кеткендер.";
- 7) 50-баптың бірінші бөлігі "төтенше" деген сөзден кейін "немесе соғыс" деген сөздермен толықтырылсын;
- 8) 57-баптың бірінші абзацының 9) тармақшасындағы "немесе" деген сөз "төтенше және соғыс жағдайларында" деген сөздермен ауыстырылсын;

9) 62-бапта:

екінші бөлік мынадай редакцияда жазылсын:

"2. Жеке тұлға лауазымды тұлғалардың кәсіпкерлік қызметке заңсыз араласқаны үшін, сыйбайлас жемқорлық құқық бұзушылық, сондай-ақ жеке кәсіпкерлік субъектілеріне тексерулер, зейнетақымен қамсыздандыру, міндетті әлеуметтік сақтандыру саласында, Қазақстан Республикасының, қоршаған ортаны қорғау, бәсекелестікті қорғау, энергия үнемдеу және энергия тиімділігін арттыру туралы, мемлекеттік құпиялар туралы, табиғи монополиялар туралы, жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы, бейбіт жиналыстар ұйымдастыру және өткізу тәртібі туралы заңнамасы саласында құқық бұзушылық жасағаны қоғамдық жұмыстардан жалтарғаны үшін-әкімшілік құқық бұзушылық жасалған күннен бастап бір жыл өткен соң, бірақ әкімшілік құқық бұзушылық анықталған күннен бастап екі ай өткен соң әкімшілік жауаптылыққа тартыла алмайды.

Занды тұлға (оның ішінде жеке кәсіпкер) Қазақстан Республикасының энергия үнемдеу және энергия тиімділігін арттыру туралы, Қоршаған ортаны қорғау саласындағы, сондай-ақ жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы, бейбіт жиналыстарды ұйымдастыру және өткізу тәртібі туралы заңнамасы саласында әкімшілік құқық бұзушылық жасаған кезде техникалық реттеу объектілерінің сәйкестігін бағалау рәсімдерін бұзғаны үшін әкімшілік жауаптылыққа кешіктірілмей тартылуға тиіс әкімшілік құқық бұзушылық жасалған күннен бастап үш жыл, бірақ әкімшілік құқық бұзушылық анықталған күннен бастап екі ай өткен соң әкімшілік жауаптылыққа тартылуға жатпайды.

Занды тұлға (оның ішінде жеке кәсіпкер) Қазақстан Республикасының табиғи монополиялар туралы заңнамасын құқық бұзғаны үшін, әкімшілік сыйбайлас жемқорлық құқық бұзушылық жасағаны үшін, Қазақстан Республикасының зейнетақымен қамсыздандыру туралы, міндетті әлеуметтік сақтандыру туралы заңнамасы саласындағы бұзушылықтар үшін ол жасалған күннен бастап бес жылдан кешіктірмей әкімшілік жауаптылыққа тартылуға жатады, бірақ әкімшілік құқық бұзушылық анықталған күннен бастап екі ай өткен соң әкімшілік жауапкершілікке тартыла алмайды.";

2-1 бөлік мынадай редакцияда толықтырылсын:

"2-1. Жеке тұлға салық салу, кеден ісі саласындағы Қазақстан Республикасының заңнамасы аясында құқық бұзушылық жасағаны үшін оны жасаған күннен бастап бір жыл өткен соң әкімшілік жауаптылыққа тартылуға жатпайды, занды тұлға (оның

ішінде жеке кәсіпкер) салық салу, кеден ісі аясында, зейнетақымен қамсыздандыру туралы, міндепті әлеуметтік сақтандыру туралы Қазақстан Республикасының заңнамасы аясында құқық бұзушылық жасағаны үшін оны жасаған күнінен бастап бес жыл өткен соң әкімшілік жауаптылықта тартылуға жатпайды.";

бесінші бөлік мынадай редакцияда жазылсын:

"5. Әкімшілік құқық бұзушылық үшін әкімшілік жаза қолдану мерзімінің өтуі сараптама тағайындалған, өзіне қатысты іс бойынша іс жүргізіліп жатқан адамды қүштеп әкелу туралы ұйғарым шығарылған, сондай-ақ іс сотқа немесе мемлекеттік органның әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы істерді қарауға уәкілеттік берілген лауазымды адамына жіберілген кезден бастап, сондай-ақ оны одан әрі іс жүргізуге уақытша кедергі келтіретін еңсерілмейтін күш әсер еткен жағдайларда тоқтатыла тұрады.

Бұл мерзімдерді есептеу сараптама нәтижелері алынған, сондай-ақ әкімшілік жауаптылықта тартылатын адам қүштеп әкелу туралы ұйғарымды орындағын органға (лауазымды адамға) іс жүзінде жеткізілген, сондай-ақ еңсерілмейтін күштің әсері аяқталған кезден бастап қайта басталады.";

ескертпе мынадай редакцияда жазылсын:

"Ескертпелер:

1. Осы бөлімнің Ерекше бөлігінің бабында көзделген белгілі бір іс-әрекеттің бірыңғай құрамының үздіксіз жүзеге асырылуымен сипатталатын және оны анықтаған кезде аяқталмаған құқық бұзушылық созылып кеткен құқық бұзушылық деп танылады.

2. Іс бойынша одан әрі іс жүргізуге кедергі келтіретін еңсерілмейтін күштің әсері деп төтенше жағдайдың, табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайдың немесе басқа да төтенше мән - жайлар қауіп-қатерінің немесе олардың туындауының енгізілуін түсіну керек.";

10) 73-бапта:

бірінші бөліктің екінші абзацындағы "не" деген сөзден кейін "жиырма сағатқа қоғамдық жұмыстарға тартуға немесе" деген сөздермен толықтырылсын;

екінші бөліктің екінші абзацында "он тәулікке" деген сөздердің алдынан "қырық сағатқа қоғамдық жұмыстарға тартуға не" деген сөздермен толықтырылсын;

11) 73-1-бапта:

бірінші бөлікте:

бірінші абзацтағы "денсаулықтың қысқа мерзімге бұзылуына немесе жалпы еңбек қабілетін тұрақты түрде болмашы жоғалтуға әкеп соққан," деген сөздер алып тасталсын ;

екінші абзацтағы "әкімшілік қамаққа алуға" деген сөздердің алдынан "не алпыс сағатқа дейінгі қоғамдық жұмыстарға тартуға" деген сөздермен толықтырылсын.";

1-1-бөліктің екінші абзацындағы "немесе" деген сөзден кейін "жетпіс сағатқа қоғамдық жұмыстарға тартуға не" деген сөздермен толықтырылсын;

екінші бөліктің екінші абзацында "жиырма тәулікке дейінгі" деген сөздердің алдынан "қоғамдық жұмыстарға жүз сағатқа тартуға не" деген сөздермен толықтырылсын;

12) 73-2-бапта:

бірінші бөліктің екінші абзацындағы "не" деген сөзден кейін "қоғамдық жұмыстарға қырық сағатқа тартуға дейінгі не" деген сөздермен толықтырылсын;

1-1-бөліктің екінші абзацындағы "немесе" деген сөзден кейін "елу сағатқа қоғамдық жұмыстарға тартуға не" деген сөздермен толықтырылсын

екінші бөліктің екінші абзацында "сексен сағатқа қоғамдық жұмыстарға тартуға немесе" деген сөздермен толықтырылсын;

13) 79-баптың бірінші бөлігінің екінші абзацындағы "адвокаттарға," деген сөзден кейін "заң консультанттарына," деген сөздермен толықтырылсын;

14) 91-бапта:

бірінші бөліктің бірінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорының (ерікті жинақтаушы зейнетақы қорының) Қазақстан Республикасының зейнетақымен қамсыздандыру туралы заңнамасында белгіленген зейнетақы төлемдерін, аударымдарын жүзеге асыру мерзімдерін және (немесе) тәртібін және (немесе) шарттарын бұзуы -

занды тұлғаларға екі жүз айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.";

екінші және үшінші бөліктер алып тасталсын;

он бірінші және он екінші бөліктер мынадай редакцияда жазылсын:

"11. Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорының немесе ерікті жинақтаушы зейнетақы қорының, ерікті жинақтаушы зейнетақы қорының құрылтайшыларының (акционерлерінің) және (немесе) олардың үлестес тұлғаларының мәліметтерді немесе өзге де сұратылатын ақпаратты бірнеше рет (қатарынан күнтізбелік он екі ай ішінде екі және одан да көп рет) ұсынбауы және (немесе) уәкілетті органға уақтылы ұсынбауы, –

жеке тұлғаларға – елу, занды тұлғаларға – бір жүз айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

12. Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорының немесе ерікті жинақтаушы зейнетақы қорының, ерікті жинақтаушы зейнетақы қорының құрылтайшыларының (акционерлерінің) және (немесе) олардың үлестес тұлғаларының дәйекті емес және (немесе) толық емес есептілікті, мәліметтерді немесе өзге де сұратылатын ақпаратты бірнеше рет (қатарынан күнтізбелік он екі ай ішінде екі және одан да көп рет) ұсынуы,

– жеке тұлғаларға – елу, занды тұлғаларға – бір жүз айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.";

ескертпе мынадай редакцияда жазылсын:

"Ескертпе. Осы баптың он бірінші бөлігінің мақсаттары үшін жеке және (немесе) занды тұлға мәліметтерді немесе өзге де сұратылатын ақпаратты беру мерзімдері аяқталған кезден бастап бір жұмыс күнінен кешіктірмей мәліметтерді немесе өзге де сұратылатын ақпаратты ұсынған жағдайда әкімшілік жауаптылыққа тартылуға жатпайды.";

15) 93-бапта:

екінші бөлік алып тасталсын;

бесінші бөліктегі "екінші" деген сөзі алып тасталсын;

16) 158-бапта:

такырып мынадай редакцияда жазылсын:

"158-бап. Бөтен тауар белгісін, қызмет көрсету белгісін, географиялық нұсқаманы және тауар шығарылған жердің атауын заңсыз пайдалану";

бірінші абзацта:

"немесе" деген сөз ",географиялық нұсқаманы" деген сөздермен ауыстырылсын;

"сондай- ақ бөтен фирмалық атауды заңсыз пайдалану" деген сөздер алып тасталсын;

екінші абзацтағы "қызмет көрсету белгісі," деген сөздерден кейін "географиялық нұсқаманы," деген сөздермен толықтырылсын;

17) 170-бапта:

жетінші бөліктің екінші абзацындағы, "аккредиттеу туралы куәліктің қолданысын тоқтата тұрып не одан айыра отырып," деген сөздер алып тасталсын;

он екінші бөліктің екінші абзацындағы "және аккредиттеу туралы куәліктің қолданысын тоқтата тұрып не одан айыра отырып," деген сөздер алып тасталсын;

18) 175-бапта:

такырып мынадай редакцияда жазылсын:

"175-бап. Жеке кәсіпкерлік субъектілеріне мемлекеттік бақылау жүргізу тәртібін бұзы";

бірінші бөлік мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Жеке кәсіпкерлік субъектілеріне мемлекеттік бақылау жүргізу тәртібін бұзы, оның ішінде:

1) бақылау және қадағалау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы, профилактикалық бақылау жүргізу және (немесе) тексеру негіздерінің болмауы;

2) Қазақстан Республикасы Кәсіпкерлік кодексінің 144-4-бабының 3-тармағында көзделген тергеп-тексеру жүргізу үшін негіздің болмауы;

3) бақылау және қадағалау субъектісіне (объектісіне) тексеруге бару арқылы, профилактикалық бақылауды және (немесе) тексеруді тағайындау туралы актінің болмауы;

4) хабарламаның болмауы, сондай-ақ бақылау және қадағалау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылау жүргізу және (немесе) тексеру туралы хабарлама беру мерзімдерін сақтамау;

5) Қазақстан Республикасы Кәсіпкерлік кодексінің 151-бабының талаптарын бұзу;

6) Қазақстан Республикасы Кәсіпкерлік кодексінің 144-4-бабында белгіленген тергеп-тексеру жүргізу тәртібін бұзу;

7) Қазақстан Республикасы Кәсіпкерлік кодексінің 149-бабында көзделген өнім үлгілерін іріктеу тәртібін бұзу;

8) бақылау және қадағалау субъектісіне (объектісіне) бару және (немесе) Қазақстан Республикасы Кәсіпкерлік кодексінің 141-бабына сәйкес бекітілген Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінде көрсетілген талаптарға сәйкестігін тексеру арқылы профилактикалық бақылау жүргізуін кезеңділігін бұзу;

9) бақылау және қадағалау субъектісіне бақылау және қадағалау және (немесе) тексеру субъектісіне (объектісіне) бару арқылы, профилактикалық бақылауды тағайындау туралы актіні ұсынбау;

10) мемлекеттік органдардың бақылау және қадағалау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы, олардың құзыретіне кірмейтін мәселелер бойынша профилактикалық бақылау және (немесе) тексеру тағайындауы;

11) бақылау және қадағалау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылауды және (немесе) бақылау және қадағалау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылау туралы актіні тіркеусіз тексеруді және (немесе) мұндай тіркеу міндетті болған кезде құқықтық статистика және арнайы есепке алу саласындағы уәкілетті органда тексеруді жүргізу;

12) Қазақстан Республикасының Кәсіпкерлік кодексінде көзделген бақылау және қадағалау, тексеру және тергеп-тексеру субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылау жүргізу мерзімдерін бұзу;

13) Қазақстан Республикасы Кәсіпкерлік кодексінің 131-бабының 5-тармағына сәйкес бақылау және қадағалау субъектісіне (объектісіне) бармай алдын ала профилактикалық бақылаусыз бақылау және қадағалау субъектісіне (объектісіне) барумен профилактикалық бақылау жүргізу;

14) Бақылау және қадағалау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылау және (немесе) тексеру жүзеге асырылатын бақылау және қадағалау субъектілері (объектілері) санының жол берілетін ең төменгі шегін сақтамау бөлігінде Қазақстан Республикасы Кәсіпкерлік кодексінің 141-бабы 7-тармағының талаптарын бұзу тәуекелдерді бағалау мен басқарудың ақпараттық жүйесі болмаған кезде;

15) бақылау және қадағалау субъектісіне бақылау және қадағалау субъектісіне (объектісіне) бара отырып профилактикалық бақылау нәтижелері туралы актіні және (немесе) тексеру субъектісіне (объектісіне) бара отырып, профилактикалық бақылау

аяқталу мерзімінен кешіктірмей бақылау және қадағалау субъектісіне және (немесе) Бақылау субъектісіне (объектісіне) бара отырып, профилактикалық бақылау тағайындау туралы актіде көрсетілген тексеруді тапсырмау және қадағалау және (немесе) тексеру (болған жағдайда мерзімді ұзарту туралы қосымша акт), –

лауазымды адамға жиырма айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.";

19) 175-1-бап алдып тасталсын;

20) 206-бапта:

үшінші бөліктің бірінші абзацындағы "Банктердің," деген сөзден кейін "Қазақстан Республикасының резидент емес банктері филиалдарының," деген сөздермен толықтырылсын;

ескертпелерде:

2-тармақтағы "банктерді," деген сөзден кейін "Қазақстан Республикасының резидент емес банктерінің филиалдарын," деген сөздермен толықтырылсын;

3- тармақтағы "Банктер," деген сөзден кейін "Қазақстан Республикасының резидент емес банктерінің филиалдары," деген сөздермен толықтырылсын;

21) 207-бапта:

ескертпенің 1-тармағының 1), 3) және 5) тармақшалары мынадай редакцияда жазылсын:

"1) бірінші бөлікте – мемлекеттік сатып алушы ұйымдастыруышының, мемлекеттік сатып алушы бірыңғай ұйымдастыруышының, тапсырыс берушінің бірінші басшысын не баға ұсыныстарын сұрату тәсілімен мемлекеттік сатып алушы жүзеге асыру кезінде орналастырылған конкурстық (аукциондық) құжаттаманы немесе ақпаратты бекіткен адамды, немесе олардың міндетін атқаратын адамдарды және (немесе) конкурстық құжаттаманы (аукциондық құжаттаманы) әзірлеуге тікелей қатысатын адамдарды);";

"3) үшінші, сегізінші, оныншы, он бірінші және он үшінші бөліктерде – бірінші басшысын не өзіне жүктелген өкілеттіктерге сәйкес шешім қабылдаған адамды, тапсырыс берушінің не оның міндетін атқаратын адамды";

"5) бесінші бөлікте – тапсырыс берушінің бірінші басшысын не өзіне жүктелген өкілеттіктерге сәйкес шешім қабылдаған адамды не оның міндетін атқаратын адамды, мемлекеттік сатып алушы бірыңғай ұйымдастыруышының бірінші басшысын не оның міндетін атқаратын адамды";;

22) 208-баптың бірінші бөлігінің бірінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Кредиттік бюроның кредиттік тарихты қалыптастыру және кредиттік есептерді ұсыну жөніндегі негізгі қызмет түрлеріне жатпайтын қызметті, қосымша қызмет түрлерін, сақтандыру жөніндегі дерекқорды қалыптастыруға және жүргізуға жатпайтын қызметті және кредиттік скорингті есептеу жөніндегі қызметтерді жүзеге асыруы, –";

23) 211-бапта:

бесінші бөліктің бірінші абзацындағы "сол сияқты сыйақының жылдық тиімді мөлшерлемесінің қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын реттеу, бақылау және қадағалау жөніндегі уәкілетті органның нормативтік құқықтық актісінде айқындалған шекті мөлшерінен асыруы" деген сөздер "сондай-ақ жарнаманы тарату және (немесе) орналастыру кезінде көрсетпеу, микрокредит бойынша сыйақы шамалары туралы қамтитын ақпаратты дұрыс көрсетпеу" деген сөздермен ауыстырылсын;

мынадай мазмұндағы 5-1 бөлігімен толықтырылсын:

"5-1. Микроқаржылық қызметті жүзеге асыратын ұйымдардың, микрокредит беру туралы шарт бойынша құқық (талап ету) берілген тұлғалардың қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын реттеу, бақылау және қадағалау жөніндегі уәкілетті органның нормативтік құқықтық актісінде айқындалған жылдық тиімді сыйақы мөлшерлемесінің шекті мөлшерінен асыру, –

занды тұлғаларға елу айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға алып келеді.";

мынадай мазмұндағы сегізінші бөлікпен толықтырылсын:

"8. Қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын реттеу, бақылау және қадағалау жөніндегі уәкілетті органды микроқаржы ұйымы, кредиттік серікtestіk, ломбард ретінде "Азаматтарға арналған ұқімет" мемлекеттік корпорациясында мемлекеттік тіркеуден (қайта тіркеуден) өткені туралы хабардар етпей не уақтылы хабардар етпей, –

шагын кәсіпкерлік субъектілеріне – жиырма, орта кәсіпкерлік субъектілеріне – отыз, ірі кәсіпкерлік субъектілеріне қырық айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.";

ескертпелердің 2-тармағында:

бесінші деген сөзден кейін ", 5-1" деген цифrlармен толықтырылсын;

"екінші деңгейдегі банк" деген сөздерден кейін "Қазақстан Республикасының резидент емес банкінің филиалы," деген сөздермен толықтырылсын;

24) 211-1-бапта:

бірінші бөліктің екінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"шагын кәсіпкерлік субъектілеріне – екі жүз, орта кәсіпкерлік субъектілеріне – төрт жүз, ірі кәсіпкерлік субъектілеріне алты жүз айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға алып келеді.";

мынадай редакцияда 1-1 бөлікпен толықтырылсын:

"1-1. Борышкермен және (немесе) оның өкілімен және (немесе) үшінші тұлғамен өзара іс-қимыл жасайтын коллекторлық агенттіктің жұмыскерінің мынадай жосықсыз әрекеттер жасауы, егер бұл әрекеттерде қылмыстық жазаланатын іс-әрекет белгілері болмаса:

1) борышкерді және (немесе) оның өкілін және (немесе) үшінші тұлғаны банктік қарыз шарты немесе микрокредит беру туралы шарт бойынша берешектің мөлшеріне, сипатына және туындау негіздеріне қатысты жаңылыстыруы;

2) борышкерге және (немесе) оның өкіліне және (немесе) үшінші тұлғаға тегін және (немесе) атын, және (немесе) әкесінің атын (бар болса) дұрыс емес, сондай-ақ шындыққа сәйкес келмейтін жұмыс орны және (немесе) лауазымы туралы мәліметтер хабарлауы, -

жеке тұлғаларға он бес айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға алып келеді.";

екінші бөліктің екінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"шағын кәсіпкерлік субъектілеріне – жұз, орта кәсіпкерлік субъектілеріне – екі жұз, ірі кәсіпкерлік субъектілеріне үш жұз айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға алып келеді.";

25) 211-2-бапта:

бірінші бөліктің бірінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Қарыз алушы үшін оларды жақсарту жағдайларын қоспағанда, банктік қарыз шартының немесе микрокредит беру туралы шарттың талаптарын біржақты тәртіппен өзгерту, – ";

ескертпенің 1-тармағын "банк," деген сөзден кейін "Қазақстан Республикасының резиденті емес банктің филиалы," деген сөздермен толықтырылсын;

26) 212-бапта:

тақырып мынадай редакцияда жазылсын:

"212-бап. Қаржы ұйымдарының және өзге де тұлғалардың қаржылық есептілікті, бухгалтерлік есептің деректері жөніндегі есептілікті немесе өзге де есептілікті ұсыну мерзімдерін бұзуы";

бірінші бөліктің бірінші абзацында:

"микроқаржылық қызметті жүзеге асыратын ұйымдардың" деген сөздер алып тасталсын;

"ұсыну мерзімін бұзуы" деген сөздерден кейін ", бухгалтерлік есеп деректері жөніндегі есептілікті" деген сөздермен толықтырылсын;

27) 213-бап мынадай мазмұндағы он бесінші бөлікпен толықтырылсын:

"15. Қызметінің айрықша түрі банкноттарды, монеталарды және құндылықтарды инкассациялау, инкассаторлар бригадаларын қалыптастыру, автомобильмен инкассаторлық тасымалдау кезінде келу карточкалары мен жол парақтарын жасау, пломбаларды пайдалану, инкассаторларды киім-кешекпен, жеке қорғаныш құралдарымен, оның ішінде броньды кеудешелермен, каскалармен (шлемдермен), сондай-ақ қызметтік қарумен қамтамасыз ету болып табылатын занды тұлғалардың бұзуы, –

орта кәсіпкерлік субъектілеріне - елу, ірі кәсіпкерлік субъектілеріне сексен айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға алып келеді.";

28) 214-бапта:

бірінші бөлігінің екінші абзацындағы, екінші бөлігінің екінші абзацындағы, үшінші бөлігінің екінші абзацындағы, төртінші бөлігінің екінші абзацындағы, бесінші бөлігінің екінші абзацындағы, алтыншы бөлігінің екінші абзацындағы, жетінші бөлігінің екінші абзацындағы, сегізінші бөлігінің екінші абзацындағы, тоғызынышы бөлігінің екінші абзацындағы, онынышы бөлігінің екінші абзацындағы, он бірінші бөлігінің екінші абзацындағы, он екінші бөлігінің екінші абзацындағы "ірі кәсіпкерлік субъектілеріне" деген сөздерден кейін, ", Қазақстан Республикасының резидент емес банктерінің филиалдарына, Қазақстан Республикасының резидент емес сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарының филиалдарына Қазақстан Республикасының резиденті емес – сақтандыру брокерлерінің филиалдарына" деген сөздермен толықтырылсын;

29) мынадай мазмұндағы 215-1-баппен толықтырылсын:

"215-1-бап. Қазақстан Республикасының ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету саласындағы банк заңнамасын бұзу

1. Мыналардың:

1) банктердің, Қазақстан Республикасының резидент емес банктері филиалдарының, банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдардың ақпараттық жүйенің жұмысқа қабілетті көшірмесін қалпына келтіруді қамтамасыз ететін маңызды ақпараттық жүйелердің деректерін, олардың файлдары мен теңшеулерін резервтік сақтауды қамтамасыз етпеуден;

2) банктердің, Қазақстан Республикасының резидент емес банктері филиалдарының, банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдардың банктің, Қазақстан Республикасының бейрезидент-банкі филиалының, банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымның маңызды ақпараттық активтерді үшінші тұлғаларға беру кезінде Қазақстан Республикасының азаматтық, банк заңнамасына, Қазақстан Республикасының дербес деректер және оларды қорғау туралы заңнамасына сәйкес үшінші тұлғаларға беруге жол берілмейтін ақпаратқа үшінші тұлғалардың қол жеткізу мүмкіндігін болдырмау шараларын қабылдамауынан;

3) банктердің, Қазақстан Республикасының резидент емес банктері филиалдарының, банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдардың ақпараттық қауіпсіздік жөніндегі бөлімшесінің және (немесе) ішкі аудит бөлімшесінің банктердің, Қазақстан Республикасының резидент емес банктері филиалдарының, банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдардың құрылымдық бөлімшелерінің қызметіне ақпараттық қауіпсіздіктің жай-күйіне бағалау жүргізу бөлігінде тексеру жүргізбеуінен;

4) банктерде, Қазақстан Республикасы резидент емес банктерінің филиалдарында, банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдарда ақпараттық-коммуникациялық инфрақұрылымды қорғау аясынан шығатын телекоммуникациялық қосылыстарды (қалалық телефон желісімен қосылыстарды қоспағанда) шифрлаудың болмауынан;

5) банктердің, Қазақстан Республикасының резидент емес банктер филиалдарының, банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдардың желіаралық экрандарда белгіленген қол жеткізу қағидаларын, банктің, Қазақстан Республикасының резидент емес банк филиалының, Банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымның ақпараттық активтерінің жұмыс істеуі үшін пайдаланылмайтын қосылыстарды бұғаттауды баптау жөніндегі талаптарды сақтамауы және (немесе) ақпараттық-коммуникациялық инфрақұрылымды қорғау периметрінде басып кіруді анықтау және болғызбау құралдарының болмауы;

6) банктердің, Қазақстан Республикасының резидент емес банктері филиалдарының, банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдардың пайдаланушыларға банктің, Қазақстан Республикасының резидент емес банкі филиалының, банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымның ақпараттық-коммуникациялық инфрақұрылымды қорғау аясының ішінде орналасқан маңызды ақпараттық активтеріне ақпараттық-коммуникациялық инфрақұрылымды қорғау аясының шегінен тыс шифрланбаған арна бойынша қол жеткізуді ұсынуынан және (немесе) пайдаланушыларға маңызды ақпараттық жүйелерге ақпараттық-коммуникациялық инфрақұрылымды қорғау аясының шегінен тыс екі факторлы аутентификаттау әдістерін пайдаланбай қолжетімділікті ұсынудан;

7) банктердің, Қазақстан Республикасының резидент емес банктері филиалдарының, банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдардың пайдаланушылардың Интернет ресурстарға қол жеткізу қауіпсіздігін және (немесе) сыртқы электрондық поштаны пайдалану қауіпсіздігін қамтамасыз етпеуінен;

8) банктерде, Қазақстан Республикасы резидент емес банктерінің филиалдарында, банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдарда маңызды ақпараттық жүйелердің әкімшілер тізбесінің және (немесе) маңызды ақпараттық жүйелерді әкімшілендіру функцияларын орындау кезінде қосарланған бақылаудың және (немесе) артықшылық берілген есептік жазбалардың пайдаланылуын бақылаудың арнайы кешендерінің болмауынан;

9) банктердің, Қазақстан Республикасының резидент емес банктері филиалдарының, банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдардың сыни ақпараттық активтерінде сындарлы ақпараттық активте қосылыстар орнату, сәйкестендіру, аутентификаттау және авторизациялау оқиғаларын, қауіпсіздік параметрлерін өзгерту оқиғаларын, пайдаланушылар топтары мен олардың өкілеттіктерін өзгерту оқиғаларын, есептік жазбаларды өзгерту оқиғаларын көрсететін аудиторлық із функциялары болмаған кезде пайдаланушылар мен олардың өкілеттіктері, ақпараттық жүйеде өзгерістер орнатуды көрсететін оқиғалар, аудит параметрлерінің өзгеру оқиғалары, жүйелік параметрлердің немесе өтемдік шаралардың өзгеру оқиғалары болмауынан;

10) банктердің, Қазақстан Республикасының резидент емес банктері филиалдарының, банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдардың маңызды ақпараттық активтерді осалдықтардың болуы тұрғысынан жартышылдық сканерлеуді жүргізбеуінен және (немесе) анықталған осалдықтарды жою жөніндегі түзету шаралары туралы ұсынымдарды көрсете отырып, ақпараттық қауіпсіздіктің жай-күйі туралы есеп түрінде сканерлеу нәтижелерінің болмауынан;

11) банктердің, Қазақстан Республикасының резидент емес банктері филиалдарының, банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдардың мониторингке жататын ақпараттық қауіпсіздік оқиғалары тізбесінің, осындағы оқиғалар дереккөздерінің, ақпараттық қауіпсіздік оқиғаларын мониторингтеу кезеңділігінің, тәртібінің және әдістерінің болмауынан көрінген ақпараттық қауіпсіздік оқыс оқиғаларға ден қою қызметінің тиісінше жұмыс істеуін қамтамасыз етпеуінен және (немесе) ақпараттық қауіпсіздік оқыс оқиғаларына ден қою тәртібінің іске асырылғанын растайтын құжаттардың, мәліметтердің және фактілердің болмауынан;

12) банктердің, Қазақстан Республикасының резидент емес банктері филиалдарының, банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдардың ақпараттық қауіпсіздік оқыс оқиғаларына ден қою қызметінің ақпараттық қауіпсіздік оқиғаларын мониторингтеу мен талдауды және (немесе) ақпараттық қауіпсіздіктің оқыс оқиғаларын сыйыптауды және басымдық беруді жүзеге асырмауынан;

13) банктердің, Қазақстан Республикасының резидент емес банктері филиалдарының, банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдардың ақпараттық қауіпсіздіктің оқыс оқиғаларына ден қою қызметінің ақпараттық қауіпсіздіктің оқыс оқиғалары, қабылданған шаралар және ұсынылатын түзету шаралары туралы ақпаратты көрсете отырып, ақпараттық қауіпсіздіктің оқыс оқиғалары туралы ақпаратты ақпараттық қауіпсіздік оқыс оқиғаларын есепке алу журналында шоғырландыруды, жүйелеуді, сақтауды, тұтастырын және сақталуын қамтамасыз етпеуінен көрінген Қазақстан Республикасының ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету саласындағы банк заңнамасын бұзуы, –

орта кәсіпкерлік субъектілеріне, коммерциялық емес ұйымдарға және Қазақстан Республикасы резидент емес банктерінің филиалдарына – бір жұз сексен, ірі кәсіпкерлік субъектілеріне екі жұз елу айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

2. Банктерде, Қазақстан Республикасы резидент емес банктерінің филиалдарында маңызды ақпараттық активтердің тізбесін қалыптастыру және кейіннен жаңарту бойынша іске асырылған процестердің болмауынан және (немесе) маңызды ақпараттық активтер үшін ақпараттық қауіпсіздік тәуекелдерін бағалау бойынша іске асырылған процестердің болмауынан көрінген Қазақстан Республикасының ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету саласындағы банк заңнамасын бұзуы, –

орта кәсіпкерлік субъектілеріне және Қазақстан Республикасының резидент емес банктерінің филиалдарына – бір жүз сексен, ірі кәсіпкерлік субъектілеріне екі жүз елу айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.";

30) 217-баптың тақырыбындағы "клиенттердің" деген сөз алып тасталсын;

31) 218-бапта:

тақырыптағы "ұйымдастыру" деген сөз "жүзеге асыру" деген сөздермен ауыстырылсын;

бесінші бөліктің бірінші абзацындағы "ұйымдастыру" деген сөз "жүзеге асыру" деген сөздермен ауыстырылсын;

жетінші бөліктің бірінші абзацындағы "ұйымдастыру" деген сөз "жүзеге асыру" деген сөздермен ауыстырылсын;

32) 225-баптың бірінші бөлігінің бірінші абзацындағы "Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген" деген сөздер "мәмілелер жасасу орнына, әдісі мен тәсіліне, мәмілелер бойынша есеп айырысу қағидаттарына, мәмілелердің кейбір түрлеріне тыйым салуға, қаржы құралдарына инвестициялау мөлшеріне (лимиттеріне), сондай-ақ туынды қаржы құралдарымен мәмілелерге, зейнетақы активтерін орналастыру мерзімдеріне қойылатын талаптар бөлігінде" деген сөздермен ауыстырылсын;

33) 226-баптың тақырыбында "ұйымдарын таратуға" деген сөздерден кейін "Қазақстан Республикасының резидент емес банктері филиалдарының, қызметін мәжбүрлеп тоқтатуға байланысты талаптарды бұзу" деген сөздермен толықтырылсын;

34) 227-бапта:

бірінші бөліктің бірінші абзацындағы ", осы баптың 1-1-бөлігінде көзделген жағдайларды қоспағанда," деген сөздермен толықтырылсын;

мынадай мазмұндағы 1-1-бөлікпен толықтырылсын:

"1-1. Айрықша қызметі банкноттарды, монеталарды және құндылықтарды инкассациялау болып табылатын заңды тұлғалардың өздері қабылдаған және (немесе) өздеріне жазбаша нұсқама және (немесе) жазбаша келісім нысанында қадағалап ден қою шараларын қолдану арқылы жүктелген міндеттерді орындамауы, уақтылы орындамауы, –

орта кәсіпкерлік субъектілеріне – төрт жүз, ірі кәсіпкерлік субъектілеріне бес жүз айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға алып келеді."

ұшінші бөлік мынадай редакцияда жазылсын:

"3. Бағалы қағаздар нарығы субъектілерінің, бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорының, микроқаржылық қызметті жүзеге асыратын ұйымдардың, төлем жүйелері операторларының, төлем жүйелерінің операциялық орталықтарының және көрсетілетін төлем қызметтерін берушілердің өздері қабылдаған және (немесе) өздеріне шектеулі ықпал ету шараларын қолдану арқылы жүктелген міндеттерді орындамауы, уақтылы орындамауы, –

жеке тұлғаларға – елу, шағын кәсіпкерлік субъектілеріне немесе коммерциялық емес ұйымдарға - бір жүз жиырма, орта кәсіпкерлік субъектілеріне - бір жүз тоқсан, ірі кәсіпкерлік субъектілеріне екі жүз елу айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.";

төртінші бөліктің бірінші абзацы "сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының" деген сөздерден кейін ", Қазақстан Республикасының резидент емес банкі филиалының " деген сөздермен толықтырылсын;

35) 228-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"228-бап. Қазақстан Республикасының сақтандыру және сақтандыру қызметі туралы заңнамасында белгіленген талаптарды бұзу

"1. Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының, Қазақстан Республикасының резидент емес сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы филиалының, сақтандыру тобы бас ұйымының қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын реттеу, бақылау және қадағалау жөніндегі уәкілетті орган белгілеген сол бір пруденциялық нормативтерді және (немесе ) сақталуы міндettі өзге де нормалар мен лимиттерді бірнеше рет (қатарынан күнтізбелік он екі ай ішінде екі және одан да көп рет) бұзы, –

заңды тұлғаларға, Қазақстан Республикасының резидент емес сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының филиалдарына үш жүз айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

2. Сақтандыру ұйымының, Қазақстан Республикасының резидент емес сақтандыру ұйымы филиалының, сақтандыру брокерінің, Қазақстан Республикасының резидент емес сақтандыру брокері филиалының сақтанушыларды өзінің тұрақты жұмыс істейтін органдының, оқшауланған бөлімшесінің орналасқан жерінің өзгергені немесе атауының өзгергені туралы уақтылы хабарламауы, -

елу айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

3. Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының, Қазақстан Республикасының резидент емес сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы филиалының, сақтандыру брокерінің, Қазақстан Республикасының резидент емес сақтандыру брокері филиалының олардың қызметіне байланысты құжаттарды есепке алу және сақтау мерзімдерін бұзы, -

елу айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

4. Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының, Қазақстан Республикасы резидент емес сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы филиалының қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын реттеу, бақылау және қадағалау жөніндегі уәкілетті орган белгілеген пруденциялық нормативтерді және (немесе) сақталуы міндettі өзге де нормалар мен лимиттерді сақтау туралы мәліметтердің бүрмалануына әкеп соққан есептілікті жасауы,

занды тұлғаларға, Қазақстан Республикасы резидент емес сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарының филиалдарына екі жұз айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

5. Сақтандыру ұйымдарының Сақтандыру төлемдеріне кепілдік беру қорына міндettі немесе төтенше жарналарды, сондай-ақ бастапқы біржолғы және қосымша жарналарды төлемеуі, уақтылы төлемеуі не толық көлемде төлемеу, –

екі жұз елу айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

6. Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының, Қазақстан Республикасының резидент емес сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы филиалының, сақтандыру брокерінің, Қазақстан Республикасының резидент емес сақтандыру брокері филиалының қаржы есептілігін, бухгалтерлік есеп деректері бойынша есептілікті және бұқаралық ақпарат құралдарындағы өзге де мәліметтерді жарияламауы, уақтылы жарияламауы, –

елу айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

7. Сақтандыру ұйымының, Қазақстан Республикасының резидент емес сақтандыру ұйымы филиалының мемлекет қатысатын сақтандыру бойынша дерекқорды қалыптастыру және жүргізу және осы ұйымда тіркеу бойынша ұйыммен ақпарат ұсыну және сақтандыру есептерін алу туралы шарттар жасаспауы, –

бір жұз айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

Ескертпе. Бұрмаланған мәліметтерді түзету нәтижесінде сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының, Қазақстан Республикасының резидент емес сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы филиалының қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын реттеу, бақылау және қадағалау жөніндегі уәкілетті орган белгілеген пруденциялық нормативтерді және (немесе) сақталуы міндettі өзге де нормалар мен лимиттерді бұзғаны анықталған жағдайда, осы баптың төртінші бөлігінің мақсаттары үшін әкімшілік жауаптылық басталады.";

36) 230-бапта:

бірінші бөлікте:

бірінші абзац "сақтандыру ұйымының" деген сөздерден кейін ", Қазақстан Республикасының резидент емес сақтандыру ұйымы филиалының" деген сөздермен толықтырылсын;

екінші абзацтағы "занды тұлғага" деген сөздер алып тасталсын;

үшінші бөлікте:

бірінші абзац "сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының" деген сөздерден кейін ", Қазақстан Республикасының резиденті емес сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы филиалының" деген сөздермен толықтырылсын;

екінші абзацтағы "занды тұлғага" деген сөздер алып тасталсын;

төртінші бөлікте:

бірінші абзац "ұйымының" деген сөзден кейін ", Қазақстан Республикасының резиденті емес сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы филиалының" деген сөздермен толықтырылсын;

екінші абзацтағы "занды тұлғаларға" деген сөздер алып тасталсын;

бесінші бөлікте:

бірінші абзац "ұйымының" деген сөзден кейін ", Қазақстан Республикасының резидент емес сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының филиалы" деген сөздермен толықтырылсын;

екінші абзацтағы "занды тұлғаларға" деген сөздер алып тасталсын;

алтыншы бөлікте:

бірінші абзац "ұйымының" деген сөздерден кейін ", Қазақстан Республикасының резиденті емес сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы филиалының" деген сөздермен толықтырылсын;

екінші абзацтағы "занды тұлғаларға" деген сөздер алып тасталсын;

37) 233-баптың бірінші бөлігінің бірінші абзацы "банкке" деген сөзден кейін ", Қазақстан Республикасының резидент емес банкінің филиалына" деген сөздермен толықтырылсын;

38) 234-баптың екінші бөлігінің бірінші абзацы "банктердегі" деген сөзден кейін ", Қазақстан Республикасының резидент емес банктері филиалдарындағы" деген сөздермен толықтырылсын;

39) 239-бапта:

үшінші бөліктің бірінші абзацындағы "микроқаржылық қызметін жүзеге асыратын ұйымдардың" деген сөздер алып тасталсын;

төртінші бөліктің бірінші абзацындағы "микроқаржылық қызметті жүзеге асыратын ұйымдардың" деген сөздер алып тасталсын;

40) 244-бапта:

төртінші бөліктің екінші абзацы "шағын кәсіпкерлік субъектілеріне" деген сөздерден кейін ", коммерциялық емес ұйымдарға" деген сөздермен толықтырылсын;

алтыншы бөліктің екінші абзацы "шағын кәсіпкерлік субъектілеріне" деген сөздерден кейін ", коммерциялық емес ұйымдарға" деген сөздермен толықтырылсын;

сегізінші бөліктің екінші абзацы "шағын кәсіпкерлік субъектілеріне" деген сөздерден кейін ", коммерциялық емес ұйымдарға" деген сөздермен толықтырылсын;

41) 247-баптың тоғызыншы бөлігіндегі 3), 5) – тармақшалар алып тасталсын;

42) 252-баптың бірінші бөлігінің бірінші абзацындағы "төлемдерді және (немесе)" деген сөздер "төлемдерді жүзеге асыру, сол сияқты оларды қабылдау және (немесе)" деген сөздермен ауыстырылсын;

43) мынадай мазмұндағы 252-1-баппен толықтырылсын:

"252-1 бап. Қолма-қол шетел валютасымен айырбастау операцияларын жүзеге асыру жөніндегі қызметке қойылатын талаптарды және айырбастау пункттерінің жұмыс істеу шарттарын бұзу

1. Уәкілетті ұйымдардың өздерінің банк шоттарында және (немесе) айырбастау пунктінің кассасында құн сайын теңгемен немесе шетел валютасымен ақшаның, сондай-ақ тазартылған құйма алтынның (бар болса) жарғылық капиталдың ең төменгі мөлшерінің кемінде жұз пайызы мөлшерінде болуын қамтамасыз етпеуі, –

сексен айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға алып келеді.

2. Осы баптың бірінші бөлігінде көзделген, әкімшілік жаза қолданылғаннан кейін бір жыл ішінде қайталап жасалған әрекет (әрекетсіздік), –

жұз елу айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға алып келеді.

3. Уәкілетті банктер мен уәкілетті ұйымдардың айырбастау пункттерінің жұмыс режимін бұзуы, –

елу айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға алып келеді.

4. Уәкілетті банктер мен уәкілетті ұйымдардың айырбастау пунктінің қызметін құнтізбелік отыз қүннен астам мерзімге уақытша тоқтата тұру туралы, айырбастау пунктінің қызметін қайта бастау туралы хабарламаларды ұсынбауы, уақтылы ұсынбауы, –

елу айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға алып келеді.

5. Уәкілетті банктер мен уәкілетті ұйымдардың айырбастау пункттерінің операциялық кассаларының үй-жайларында олардың қызметіне жатпайтын ақшаны сақтау, сондай-ақ осы ұйымның жұмыскерлерін қоспағанда, бөгде адамдардың болуы,

ескерту жасауға алып келеді.

6. Осы баптың бесінші бөлігінде көзделген, әкімшілік жаза қолданылғаннан кейін бір жыл ішінде қайталап жасалған әрекет (әрекетсіздік), –

елу айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға алып келеді.

7. Уәкілетті банктер мен уәкілетті ұйымдардың бағамдарды белгілеу туралы өкімсіз қолма-қол шетел валютасын сатып алу және (немесе) сату жөніндегі операцияларды жүргізуі, ақпараттық стенде бағамдарды белгілеу туралы өкімде белгіленген сатып алу, сату бағамдарына сәйкес келмейтін валюталарды сатып алу және (немесе) сату бағамдарын орналастыруы, –

елу айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға алып келеді.

8. Уәкілетті банктер мен уәкілетті ұйымдардың Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі белгілеген шетел валютасын сатып алу бағамының сату бағамынан ауытқу шектерін сақтамауы, –

орта кәсіпкерлік субъектілеріне – екі жұз, ірі кәсіпкерлік субъектілеріне бес жұз айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға алып келеді.

9. Уәкілетті банктер мен уәкілетті ұйымдардың сатып алған және сатылған қолма-қол шетел валютасының тізілімдері журналында тегін, атын, әкесінің атын (бар болса), жеке сәйкестендіру нөмірін (бар болса), жеке басын куәландыратын құжат деректерін, ал заңнамада көзделген жағдайларда клиенттің заңды мекенжайын тіркемеуі, –

елу айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

10. Осы баптың үшінші, төртінші, жетінші және тоғызыншы бөліктерінде көзделген, әкімшілік жаза қолданылғаннан кейін бір жыл ішінде қайталап жасалған әрекеттер (әрекетсіздік), –

жуз айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға алып келеді. ";

44) 255-бап алып тасталсын;

45) 256-бапта:

бірінші бөліктің екінші абзацында "шағын кәсіпкерлік" деген сөздерден кейін ", коммерциялық емес ұйымдарға," деген сөздермен толықтырылсын;

"ірі кәсіпкерлік субъектілеріне" деген сөздерден кейін ", Қазақстан Республикасының резидент емес банктерінің филиалдарына" деген сөздермен толықтырылсын;

екінші бөліктің бірінші абзацындағы "уәкілетті органға" деген сөздерден кейін " және (немесе) Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіне" деген сөздермен толықтырылсын;

екінші бөліктің екінші абзацында "шағын кәсіпкерлік" деген сөздерден кейін " коммерциялық емес ұйымдарға," деген сөздермен, "ірі кәсіпкерлік субъектілеріне" деген сөздерден кейін ", Қазақстан Республикасының резидент емес банктерінің филиалдарына" деген сөздермен толықтырылсын;

ескертпенің бірінші тармағында "білікті инвесторлар туралы мәліметтерді қамтитын есептілік" деген сөздер алып тасталсын;

мынадай мазмұндағы 1-1-тармақпен толықтырылсын:

"1-1. Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіне ұсынылатын осы баптың екінші бөлігіндегі есептілік деп Қазақстан Республикасының Бағалы қағаздар нарығы туралы заңнамасына сәйкес ұсынылатын есептілік түсініледі. ";

46) 257-баптың екінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"2. Эмитенттің мемлекеттік емес облигациялар шығару шарттарында белгіленген облигациялар бойынша сыйақы төлеу және (немесе) оларды өтеу тәртібі мен шарттарын бұзуы, –";

47) 259-бапта:

тақырып мынадай редакцияда жазылсын:

"259-бап. Бағалы қағаздар нарығында айла-шарғы жасау мақсатында бағалы қағаздар нарығы субъектісінің және өзге де тұлғалардың іс-әрекеттерін жасау";

бірінші бөлік мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Бағалы қағаздар нарығы субъектісінің және өзге де тұлғалардың қылмыстық жазаланатын іс-әрекет белгілері жоқ бағалы қағаздар нарығында айла-шарғы жасау мақсатында іс-әрекеттерін жасау, -

жеке тұлғаларға-екі жүз, шағын кәсіпкерлік субъектілеріне - үш жүз, орта кәсіпкерлік субъектілеріне - төрт жүз, ірі кәсіпкерлік субъектілеріне, Қазақстан Республикасының резидент емес банктерінің филиалдарына-бес жүз айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.";

48) 260-баптың екінші бөлігі алып тасталсын;

49) 262-бапта:

жетінші, сегізінші және тоғызынышы бөліктемен толықтырылсын;

"7. Өз қызметін бағалы қағаздар нарығында жүзеге асыратын бағалы қағаздар нарығына кәсіби қатысуышының уәкілетті органның лицензиясы, ол жарияланған күні шындыққа сәйкес келмейтін жарнама негізінде хабарлауы немесе жариялауы, –

жүз айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

8. Орталық депозитарийдің есепке алу жүйесінде номиналды ұстаушының атына ашылған және оның клиенттеріне тиесілі қаржы құралдарын жиынтық есепке алуға арналған номиналды ұстаушының қосалқы шоты бойынша электрондық деректерді сақтау үшін номиналды ұстаушының орталық депозитарийге бірнеше рет (қатарынан күнтізбелік он екі ай ішінде екі және одан да көп рет) ұсынбауы және (немесе) уақтылы ұсынбауы Орталық депозитарийдің қағидалар жинағында белгіленген тәртіппен және мерзімде, –

орта кәсіпкерлік субъектілеріне-жүз, ірі кәсіпкерлік субъектілеріне-екі жүз айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

9. Номиналды ұстаушының номиналды ұстаушының атына Орталық депозитарийдің есепке алу жүйесінде ашылған және оның клиенттеріне тиесілі қаржы құралдарын жиынтық есепке алуға арналған номиналды ұстаушының қосалқы шоты бойынша дұрыс емес және (немесе) толық емес электрондық деректерді қөлемі мен тәртібімен сақтау үшін орталық депозитарийге бірнеше рет (қатарынан күнтізбелік он екі ай ішінде екі және одан да көп рет) ұсынуы Орталық депозитарийдің қағидалар жинағында белгіленген қөлемде, –

орта кәсіпкерлік субъектілеріне-жүз, ірі кәсіпкерлік субъектілеріне-екі жүз айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.";

50) 264-бапта:

такырып пен бірінші бөліктің бірінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"264-бап. Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорының, ерікті жинақтаушы зейнетақы қорының және инвестициялық портфельді басқарушының Қазақстан Республикасының бағалы қағаздар нарығы туралы заннамасын бұзуы

1. Бірыңгай жинақтаушы зейнетақы қорының, ерікті жинақтаушы зейнетақы қорының, оның ішінде инвестициялық портфельді басқарушының сенімгерлік басқаруындағы зейнетақы жинақтарының жеке есебін жүзеге асырмауы, – ";

мынадай мазмұндағы 1-1 – бөлікпен толықтырылсын:

"1-1. Инвестициялық портфельді басқарушының қабылданған инвестициялық шешімдерді орындау мақсатында инвестициялық портфельді басқару процесінде бағалы қағаздар нарығы субъектілерімен өзара іс-қимыл жасау тәртібін, инвестициялық портфельді басқару бойынша шарттың талаптарын орындау кастодиан, инвестициялық портфельді басқарушы және (немесе) бірыңгай жинақтаушы зейнетақы қоры, ерікті жинақтаушы зейнетақы қоры арасында жасалған кастодиан шарттың талаптарын орындау тәртібін сондай - ақ бірыңгай жинақтаушы зейнетақы қоры мен инвестициялық портфельді басқарушы арасында жасалған, ірі залал келтірмеген зейнетақы активтерін сенімгерлік басқару туралы шарттың талаптарын бұзуы –

занды тұлғаларға төрт жүз айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға алып келеді.";

екінші бөліктің бірінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

